

**Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі»
МКҚК
«Бағдарламалау» бөлім жиналысының
№6 ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар саны: 14

Өткізілген күні: «8» «01» 2025 ж.

Өткізілген орны: 225 кабинет

Күн тәртібінде:

1. 2024 - 2025 оқу жылы I жарты жылдығының қорытындысы;
2. «Таза сессия» акциясы аясында, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында оқытушылармен, студенттермен, ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы;
3. Әр түрлі сұрақтар

Тыңдалды:

Бөлім меңгерушісі Е.Н.Досжанов сөз алып күн тәртібімен оқытушыларды таныстырып, жиналысты ашты. 2024-2025 оқу жылының I – семестрінің қорытындысы бойынша мәліметтерді беріп. Сессия алдындағы жұмыстарды атап айтқанда студенттердің емтиханға түгел әрі толық қатысуы, киім үлгісі, ішкі мәдениетті қатаң сақтау мәселелеріне тоқталып өтті

«Таза сессия» акциясы аясында. Жемқорлықтың алдын алу. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, бұл қылмыс түрімен қоғам болып күресу, жемқорлықтың алдын алуға баса назар аудару жайында талқыланды. Құқық қорғау органдары мен сот жүйесі де осы бағыттағы заңнамаларды жетілдіріп, күшейтуде екені айтылды. Сонымен қатар, білім беру мекемелерінде түрлі себептермен кез-келген мерекелік іс-шараларға, мекемеге қажетті кеңсе заттарымен шаруашылық заттарын сатып алу және тағы басқа мақсатта ата-аналардан, ата-аналар комитеті атынан сыбайлас жемқорлыққа жол беру мәселесі қатаң түрде тиым салу тапсырылды. Бөлім меңгерушісі Е.Н.Досжанов сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау бөлігінде қылмыстық кодекс пен ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің нормалары жайлы түсіндірді. Ата-аналар мен білім алушылар үшін ақша қаражатын жинауға жол бермеуге тұрақты түрде жұмыс атқарып отыру топ жетекшілеріне тапсырылды. Сонымен қатар, «Политехникалық колледжінің» I қабатында «Сенім жәшігі» орналасқаны және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың барлығы

әлеуметтік желілерде орналасқаны туралы хабарландыруды ескеруді, топ студенттеріне үнемі ескеріп отыру тапсырылды. «Бағдарламалау» бөлімі бойынша комплеан-қызмет жұмыс тобының мүшесі, оқытушы М.Мамырбекова сөз алып, ақша қаражатын жинауға жол бермеу туралы 2022 жылдың 26 қыркүйек күні шығарылған №170 бұйрық туралы педагогтарға, білім алушылардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) таныстыру мәселелері бойынша жұмыстар жүргізіп жаканы туралы айтты.

Әр түрлі мәселелер. Бөлім меңгерушісі Е.Досжанов жиналыс соңында әр - түрлі мәселелерге тоқталып, оқытушылар тарапынан сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

Қаулы:

1. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдығының барысы бойынша студенттердің сабаққа қатысу үлгерімі мен оқу үлгерімі қатаң қадағалауға алынсын. Сабақтан себепсіз қалатын студенттерді түзету жұмыстары нығайтылсын. Колледжішілік тәртіп қатаң түрде сақталсын.
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша комплаенс-қызмет жұмыс тобының жоспары негізінде өткізілетін жұмыстардың барлығына толық атсалысу қамтамасыз етілсін. Сыбайлас жемқорлық мәдениетін, қағидаларын қатаң сақтау барлық оқытушылар мен студенттерден талап етіледі. Ақша қаражатын жинауға жол бермеу, оқытушыларға студенттердің немесе олардың ата-аналарының бағалы сыйлықтар алуға/сыйлауға қатаң тиым салу туралы 2022 жылдың 26 қыркүйек күні шығарылған №170 бұйрық туралы педагогтарға, білім алушылардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) таныстыру мәселелері бойынша жұмыстар қатаң қадағалауға алынсын және бөлім меңгерушісі Е.Досжанов пен оқытушы М.Мамырбековаға зерделеу жұмыстары тапсырылсын.
3. Әрбір берілген тапсырма уақытылы және жауапкершілікпен атқарылсын.

Бөлім меңгерушісі:

Жиналыс хатшысы:



Е.Досжанов

М.Мамырбекова